



Педагог

№5 (83)
(Қыркүйек-Қазан)
(Сентябрь-Октябрь)
2024

Журнал екі айда бір рет шығады / Журнал выходит один раз в два месяца

Журнал 2011 жылдың қаңтар-ақпан айынан
бастап қазақ және орыс тілдерінде шыға бастады.
Журнал издается с января-февраля
2011 года на казахском и русском языках

Республикалық ғылыми-әдістемелік
педагогикалық журнал
Республиканский научно-методический
педагогический журнал

МАЗМҰНЫ - СОДЕРЖАНИЕ

Т. ХАСЕНҚЫЗЫ, А.С. АКРАМОВА

Педагогикалық-психологиялық қызметте цифрлы білім беруді пайдалану..... 3

А. БАРЫСОВА

Заманауи ақпараттық технологияларды география пәнін
оқытуда тиімді пайдалану жолдары 5

Ж. СУЛТАНБЕКОВА

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытуда жасанды интеллектіні
қолдану жолдары 8

А. НҮРСЕРІК

Қазіргі қоғамдағы жарнаманың жеткіншектерге теріс
әсерін азайтудағы ата-ана мен педагог ынтымақтастығы 11

Ж. САРДАРОВА

Енесін дәріптеген келін..... 15

Г. ГОЛЬЦЕР

Функциональная грамотность на уроках математики..... 18

А. САЛИКБАЕВА

Искусственный интеллект на уроках иностранного языка..... 21

Ю. МАРТЫНОВА

Функциональная грамотность на уроках в начальных классах..... 23

А. ЕРНАЗАРОВА

Применение инновационных методов в обучении детей с особыми
образовательными потребностями..... 25

О. СЕМИКИНА

Использование ИКТ при реализации подхода «Action Research»
на уроках английского языка 28

М. СТУДЕНИКИНА

Современные приемы формирования функциональной
грамотности в начальной школе 31

С. САНИНА

Природа и моя безопасность. Вода – источник жизни 33

Г. АХМЕТОВА

Автоматизация и дифференциация звуков [Ш]-[Ж]
Птицы наши друзья 37

А. КАЗИЕВА

Дулат Исабеков «Әпке» пьесасы..... 41

А. ҚОНЫСБАЕВ

Фигуралардың кеңістікте орналасуы. Кеңістік фигураларын кескіндеу.
Көрінбейтін сызықтар 44

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

«Педагог LTD» ЖШС

Бас редактор:

Гүлжанат ҚҰСТАНОВА



ҚР Мәдениет және ақпарат
министрлігінде

15.02.2010 ж. Астана

қаласында тіркеліп, №10712-Ж
куәлігі берілді.

Басуға қол қойылды

04.11.2024 ж.

Офсеттік басылым.

Тапсырысы: 320.

Басылым индексі: 74312

Редакцияның мекен-жайы:

050036, Алматы қаласы,

Мамыр-2 ы/а, 13-7.

Тел/факс: 8 (727) 255-72-94.

Ұялы тел.: 8 777 194 94 58,

8 777 303 37 67.

Эл.пошта: pedagog-ltd@mail.ru

Журнал <<RADO Print>>

баспаханасында басылды.

Алматы қ., Мыңбаев көш., 46,
кеңсе 411А

Көркемдеуші және беттеуші:

Нұрзат РАЙМҚҰЛОВА

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА: РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

Н. Омашев — ҚР Жоғары мектеп Ғылым Академиясының академигі, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор.

С. Аманжолов — педагогика ғылымдарының докторы, ҚР Білім беру ісінің үздігі.

Ә. Дүйсебек — Ұлттық құндылықтар Академиясының вице-президенті.

А. Миразова — Алматы қаласы, №159 мектеп-гимназиясының директоры, ҚР Білім беру ісінің үздігі, Қазақстанның Еңбек Ері.

Р. Кіршібаева — Алматы қаласы, №145 мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Журналға шыққан материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды.

Опубликованные материалы не отражают точку зрения редакции. Ответственность за достоверность фактов и сведений в публикациях несут авторы. Рукописи и фотоснимки не рецензируются и не возвращаются. Перепечатка материалов, опубликованных в журнале допускаются только с согласия редакции.

Журнал зарегистрирован в Министерстве культуры и информации РК в г. Астане. Выдано свидетельство №10712-Ж от 15.02.2010 г.

Подписано в печать 04.11.2024 г.
Печать офсетная.
Заказ 320.

Подписной индекс: 74312

Учредитель:

ТОО «Педагог LTD»

Адрес: 050036, г. Алматы,

Мкр. Мамыр-2, 13-7.

Тел./факс: 8 (727) 255-72-94;

сот.т.: 8 777 1949458,

8 777 3033767

Эл. почта: pedagog-ltd@mail.ru

Журнал напечатан в типографии

<<RADO Print>>

г. Алматы, ул. Мынбаева, 46, оф. 411А

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word бағдарламасына жазып жіберіңіз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөніңізді толық жазыңыз (Мысалы, М.Т., К.С. емес). Мақалаңызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Болмаса, факс, бағалы хат арқылы редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

ОБРАТИТЕ ВНИМАНИЕ!

Представляемые материалы должны быть напечатаны и сохранены в программе Microsoft Word. Объем не более 2-х страниц, шрифт Times New Roman. Сведения об авторе должны быть точными и полными. Фотографии высылайте отдельными файлами в формате JPEG, TIFF, не вставляя в текст статьи. К высылаемому материалу приложить копию квитанции о подписке на журнал. Материалы отправляйте на электронную почту (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru), факсом или заказным письмом.



Толғанай ХАСЕНҚЫЗЫ, 1994 жылы 7 қантарда Қызылорда облысы, Қазалы ауданында дүниеге келді.

2015 жылы Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің «Шет тілі: Екі шет тілі» мамандығы бойынша жоғары білім игерді.

2020 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығының магистр дәрежесін алған.

Қазіргі таңда әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің «Педагогика және психология» мамандығының 3-курс докторанты.

2015 жылы еңбек жолын Ақтөбе облысының жастар ісі бөлімінің маманы болып бастады.

Дәл сол жылы Алматы қаласына «Жандану әлемі» қорының шақыртуымен көшіп келіп, Ұлттық «Бала дауысы» балалар жобасының желілік продюсері қызметін атқарды.

2021 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің «Педагогика және білім беру менеджменті» кафедрасының оқытушысы болып қызмет етті.

Қазіргі таңда цифрлық педагогика тақырыбында өзіндік жобасын дайындап, докторлық диссертация жазу аясында тәжірибелік жұмыс жүргізуде.

Педагогикалық-психологиялық қызметте цифрлы білім беруді пайдалану

Аңдатпа

Мақалада педагогикалық-психологиялық қызметті цифрлы білім беру арқылы жүргізудің ерекшеліктері қарастырылады. Нақтырақ айтқанда, цифрландыруға өтудегі Қазақстанның деңгейі әлемдік деңгеймен салыстырыла отырып, цифрлық технологиялар, электрондық құралдар, жүйелер, құрылғылар, тұтастай алғанда, адамдар өмірінің барлық салаларына әсер ететін ресурстар мен ақпарат сипаты сараланады. Цифрлы білім берудегі цифрлық шығармашылықтың маңыздылығы мен олардың түрлері жіктеліп көрсетілген.

Кілт сөздер: Педагогикалық-психологиялық қызмет, цифрлы технологиялар, педагогикалық-психологиялық қызметті цифрландыру, цифрлы білім беру мүмкіндіктері, педагогикалық-психологиялық мобильді қосымшалар.

Бүгінде ғаламтор желісі дамушы елдерде жылына 25%-ға дейін өсіп келеді. Бұл үрдіс тек технологиялық прогреске ғана емес, сонымен қатар экономикалық және әлеуметтік даму деңгейіне де ықпал етуде. Сонғы екі жылда әлемдегі деректердің 90%-ы жасалғаны белгілі. 2019 жылы белсенді IoT (Internet of Things) құрылғыларының саны 26,66 миллиардқа жетті, ал әр секунд сайын 127 жаңа құрылғы интернетке қосылады. 2020 жылы сарапшылардың бағалауы бойынша, 31 миллиард IoT құрылғысы, 2021 жылға қарай 35 миллиард құрылғы орнатылды. 2025 жылға қарай интернетке қосылған құрылғылардың жалпы саны 30,9 миллиардқа жетеді деп болжануда. Бұл көрсеткіштер цифрландырудың қарқынды дамуында адами капиталдың жаңа білім мен дағдыларды тәрбиелеуге



ықпал етіп отырғанын айқын көрсетеді.

Соңғы жылдары көптеген технологиялық инновациялар енгізіліп, өндіріс пен білім беру салаларында жаңа талаптар пайда болды. Жасанды интеллект өнімділікті арттыруда, ал 3D басып шығару технологиясы түрлі салада трансформацияларды жүзеге асыруда маңызды рөл атқарады. Цифрландыру әлемдегі әр елге әсер етіп, ұлттық бағдарламалар қабылдануда. Мысалы, Қытай, Сингапур, Жаңа Зеландия, Оңтүстік Корея және Дания цифрландыру бойынша алдыңғы қатарда тұр.

Білім беру процесінде цифрлық технологиялар ақпарат ағынының артуына байланысты маңызды рөл атқарады. Цифрлық сауаттылық бүгінгі қоғамда қажетті құзыреттердің бірі болып табылады. Заманауи білім беру жүйесінде цифрлы білім беру педагогтардың білім алушыларға жаңа тәсілдермен сабақ беруді ғана емес, сонымен қатар оқушының өздігінен білім алуына бағыт беруді қамтиды. Төртінші өнеркәсіптік революция кезінде педагогтер цифрлық құралдарды шығармашылықпен пайдаланып, оқу материалдарын өз бетінше әзірлеуі тиіс.

Цифрлық шығармашылық педагогтің кәсіби шеберлігін арттырумен, инновациялық білім өнімдерін әзірлеумен тығыз байланысты. Ресей ғалымдары цифрлық шығармашылықты бірнеше бағытқа бөледі: әдістемелік, дидактикалық, технологиялық және коммуникативті. Әдістемелік шығармашылық педагогтың кәсіби деңгейін көтеруге, ал дидактикалық шығармашылық оқу материалдарын инновациялық өнімдермен толықтыруға бағытталған.

Коммуникативті (ұйымдастырушылық) шығармашылық, педагогикалық мақсатқа сай тиімді қарым-қатынас орнатумен сипатталады. Мұғалімдер мен студенттердің өзара әрекеттесуін арттыру үшін электрондық құралдарды қолдану қазіргі білім беру процесінде аса маңызды.

Психология ғылымы цифрландыру үрдісіне еңсе, педагогикалық психологияда да өзгерістер орын алатынына сеніміміз мол. Цифрландыру білім беру мен ғылым саласында жаңа көзқарастар мен тәсілдерді талап етеді. Оқушылар мен мұғалімдер арасындағы қарым-қатынастың өзгеруі, оқу материалдарының интерактивтілігі мен қолжетімділігі педагогикалық психологияға жаңа тұжырымдамаларды енгізуге әкеледі.

Сондықтан, цифрландыру — бұл тек технологиялық прогресс емес, сонымен қатар білім беру, экономика, мәдениет салаларында да терең өзгерістерге алып келетін жаңа дәуір. Жаңа мүмкіндіктер мен талаптарға жауап бере отырып, қоғамның цифрлық трансформациясын тиімді жүзеге асыру үшін барлық тараптардың, яғни мемлекет, білім беру ұйымдары, мұғалімдер мен оқушылардың бірлескен жұмысы қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы <https://zerde.gov.kz/>

2 Семенова Р.И. STEAM-образование и занятость в информационных технологиях как факторы адаптации к цифровой трансформации экономики / Р.И. Семенова, С.П. Земцов, П.Н. Полякова // Инновации. 2019. №10 (252). С.58-70.

3 OECD (2018). Future of education and skills. Education 2030. The future we want. Paris, France: OECD publications. URL: [https://www.oecd.org/education/2030/E2030%20Position%20Paper%20\(05.04.2018\).pdf](https://www.oecd.org/education/2030/E2030%20Position%20Paper%20(05.04.2018).pdf) (дата обращения: 27.09.2022).

4 Ахметжанова Г.В., Емельянова Т.В. Формирование навыков цифрового творчества у будущих бакалавров психолого-педагогического образования. Инновации. 2021 №3 (15). С.45-53.

5 Kerimbayeva N., Akramova A., Suleimenova J. E-learning for ungraded schools of Kazakhstan: Experience, implementation, and innovation. Education and Information Technologies. The Official Journal of the IFIP Technical Committee on Education. Volume 21. Number 2. Educ Inf Technol (2016) 21:443-451. DOI 10.1007/s10639-014-9331-y (SCOPUS)

Т. ХАСЕНҚЫЗЫ,
әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық
университеті «Философия және саясаттану»
факультеті, «Педагогика және білім беру
менеджменті» кафедрасы,
«Педагогика және психология»
мамандығының 3-курс докторанты.

Ғылыми жетекшісі:
А.С. АКРАМОВА,
п.ғ.к., әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық
университетінің доценті.
Алматы қаласы.



Заманауи ақпараттық технологияларды география пәнін оқытуда тиімді пайдалану жолдары

Гуманитарлық пәндер ішінде жоғары сынып оқушыларының қызығып оқитын пәндерінің бірі – география пәні екені көптеген жылдар бойы Ұлттық бірінғай тестілеуде дәл осы пәнді таңдайтындығы көрсетеді. География пәнін қазіргі заманда оқыту өте қызықты, себебі шекаралар ашық, әлемнің кез келген жеріне ұшақпен жетіп, қалаған географиялық аймақтарды зерттеуге барлық мүмкіндіктер ашылған керемет кезеңде өмір сүрудеміз. Бұл мүмкіндік сабақты тек құрғақ теориямен емес, өмірлік тәжірибемен ұштастыруға әстен бір себеп. Оқушылар география сабағында бұрын-соңды болған жерлері туралы өз аузынан айтып, еске түскен, әсерлі болған жерлерін айтқанның өзі эмоциялық деңгейлерінің жоғары болуын қамтамасыз етеді.

Сондықтан география пәні қазіргі таңда жаңа серпінге ие болды.

Географиядан берілетін білім мақсаттары: Негізгі мектепте географияны оқыту төмендегідей мақсаттарға жетуге бағытталған: - негізгі географиялық ұғымдар, географиялық қабық және оның - жердің көлемі мен пішіні, оның географиялық маңызы; - жер шарының халқы, адамзаттың негізгі нәсілдері; - өзінің туған өлкесі мен Отанына деген патриоттық тәрбие; - қушылардың табиғат заттары мен табиғи құбылыстар туралы көзқарасы; - әлеуметтік-экономикалық міндеттерді географиялық білім негізінде шешу; - ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолдана отырып, географиялық есептерді шешу. Географиялық білімнің мазмұны: Мектепте географиялық білім берудің мазмұндық құрылымы: - Жер заңдылықтарын нақты түсіндіретін ғылыми білім беру; - географиялық қабық және табиғат кешендері туралы ілім; - географиялық зерттеу әдістері: бақылау, далалық зерттеулер; - табиғи объектілер, жер, оның қабықтары. Материктер мен мұхиттар; - әлеуметтік-экономикалық объектілер. Аймақтар, елдер, облыстар, аудандар; - жердегі

тіршілік барысын анықтайтын процестер мен құбылыстар; - табиғи процестер; табиғаттағы су айналымы; - ауа райы мен климаттың өзгерісі; - жер бетіндегі тараған негізгі нәсілдер мен халықтар. Жер шары халқының өсуі. Демографиялық саясат; - адамзаттың өмір сүруі мен өмірлік танымы; - адамның шаруашылық әрекеті, оның қоршаған ортаға бейімделуі; - қазіргі заман географиясы; - әлемдік шаруашылық пен ұлттық шаруашылықтың өзара байланысы; - адамзаттың жаһандық проблемалары.

Қазіргі білім беру жүйесіндегі маңызды мәселелердің бірі – география сабағында жаңа инновациялық технологияларды енгізу болып табылады. География пәні – өзіндік ерекшелігі бар әрбір оқушыны қызықтыра білетін, тылсым ғажайып сырға толы тән. География пәнінің тағы бір ерекшелігі – оқушылар өздігінен ізденіп білім дағдысын толықтыруға, қосымша мәліметтер жинақтауға, сөзжұмбақтар құрастыруға, рефераттар даярлауға, интернет жүйесін қолдануға, слайдтар жасауға үйренеді.

География пәнінде табиғат жағдайындағы құбылыстар мен заңдылықтарды, түрлі процестерді өз көздерімен көріп таныса алады. Сонымен бірге электронды оқулықты пайдалану арқылы оқушының шығармашылығын дамытып, іскерлікке, өздігінен білім алуға баулимыз.

География сабағын әңгіме, баяндау, тек түсіндіру арқылы оқыту айтарлықтай нәтиже бермейді. Оқушылардың оқу материалын оқып-үйрену кезінде таным белсенділігі жоғары болатын сабақтар білім мен біліктілікті сапалы түрде меңгеруді қамтамасыз ете алады. Тиінақты білім беру, оқу үрдісін жандандыру түрлі әдіс-тәсілді таңдай білуге, қолда бар көрнекілікке, құрал-жабдыққа, т.б. көптеген себептерге байланысты. Мектеп оқушыға жыл бойы нені үйретеді, нені оқытады деген сұраққа педагог мамандар «Табиғатты» деп



жауап береді. Адам өмірге келгеннен өмірден озғанынша табиғатпен біте қайнасып, табиғатты зерттеп, табиғатты өлшеп, табиғатты жырлаумен күн кешеді. Демек табиғат адам өміріндегі бітпейтін өлшеусіз лаборатория болып табылмақ. Осы алып лаборатория — «табиғатты» география пәнінен ажыратып тастау мүмкін бе? Жоқ. Адам ұғымындағы бұл екі сөз атауы жағынан айырмашылық жасағанымен бірлескен біртұтас дүние. Бұл жерде айтпағым, бүкіл оқу жүйесі географияны оқытады дей келе, география пәнін елеусіз тұрғыда қарастыруға мүлдем болмайды демекпін. География пәнін оқыту барысында әрбір сабақты сарамандық жүйеде өтіп келемін. Ал енді география сабағын сарамандық жүйеде оқыту дарынды оқушының қаншалықты тиынақты білім алуына жағдай туғызатындығына тоқталайық. География пәнін 6-сыныптан бастағанда әр тарау, әр тақырыпты күнделікті оқушының іс-әрекеті арқылы жүргізіп отыру қажет. Мысалы, «План және карта», «Атмосфера» тараулары оқушымен бірлесіп, әр сабақта картамен, географиялық аланды пайдалана отырып сарамандық жүйеде жұмыс жүргізуге болады. Мұнда топтық, серуен, картаны оқу, географиялық алаңмен жұмыс жүргізу оқушының география пәніне деген қызығушылығын арттыра түседі.

7-сыныпта география пәнін оқытуды күрделендіре түсу керек. Мысалы, әр тақырыпты мұғалім картадан оқып түсіндіреді. Бұл оқушының одан әрі қарай сол жаңа сабақты оқып түсінуіне жағдай туғызады. Ол үшін жаңа заман технологияларын тиімді пайдалануымыз қажет.

Заманауи ақпараттық құралдармен және инновациялық әдістермен жұмыс істеу білім алушыларды ұқыптылыққа, нақтылыққа, берілген тапсырмалардың нәтижелі орындалуына, басты мәселеге назар аудара білуге, дұрыс шешім қабылдай алуға тәрбиелейді.

Ақпараттық технология ұғымын ғылыми айналымға енгізген ғалымдардың бірі В.М. Глушков «ақпараттық технология — ақпарат өңдеумен байланысты ұғым», - деп дәлелдеген.

Қазақстандық ғалым С.М. Кеңесбеков: «Білім беруді ақпараттандыру білім беру саласының теориясы мен практикасына ақпараттық-коммуникациялық технологияны жан-жақты пайдалану және оқыту мен тәр-

биеде оның психологиялық-педагогикалық мүмкіндіктерін қолдану үрдісі», - деген болатын.

Ақпараттық технологияларды география сабағында қолдану оқушылардың төмендегі мүмкіндіктерін ашады:

- Коммуникациялық қабілеттерін дамыту;
- Ақпарат көздерімен жұмыс жасау;
- Шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- Оқу үдерісіне белсене қатысу;
- Оқу мотивациясын арттыру;
- Ақпараттық қоғам жетістіктеріне жақындау.

Белсенді оқу қызметі оқудың уәжінен, мақсаты мен шартынан және нәтижесінен құрылады. «Инсерт», «Миға шабуыл», «Топтық пікірталас», «Блум сұрақтары», «Кластер», «Синквейн», «Рөлдік ойын», «Шатастырылған логикалық баулар», т.б. белсенді әдістер пәнге деген қызығушылықты оятады. Инсерт әдісі аналитикалық ойды дамытады, материалды толық меңгеруге мүмкіндік туғызады. Бұл әдісті гуманитариялық бағыттағы сабақтарда қолдануға болады. Оқылған мәліметті түртіп алу жүйесі бойынша таным түсінігін қалыптастырады. Жаңа материалмен таныса отырып, түртіп алу арқылы мәлімет жинайды, саралайды, бағалайды. География сабағында кластер құрастыру кең тараған әдістердің бірі болып табылады. Жаңа тақырыпқа болжам жасайды, не білетінін есіне түсіреді, жазады, салыстырады. Кластерлермен жұмыс жасағанда білім алушылардың еркін ойлануына мүмкіндік беріледі. Кластерді сабақтың барлық кезеңдерінде пайдалануға болады. Ол материалды жүйелеуге көмектеседі. Ақпараттың жағымды және жағымсыз жағын анықтау мақсатында педагогикалық тәжірибиеде «SWOT — талдау» әдісі жиі қолданылады.

Инновациялық технологиялардың бірі — SMART. Ақылды технология, ақылды оқыту, ақылды техника -деп атаса да болады. SMART-технологияның негізі Америка, Англия, Корея сияқты дамыған мемлекеттерде пайда болды. Ол ағылшын тіліне аударғанда «ақылды» деген ұғымды білдіреді. SMART технология — бұл барлық ақпаратты жинақтауға, қолайлы жұмыс мерзімдерін белгілеуге, ресурстардың жеткіліктілігін анықтауға



мүмкіндік беретін заманауи тәсіл. Оның көмегімен көптеген проблемалардың алдын алып, өмір сүру деңгейін біршама жақсартуға болады. Ақпараттар легі артқан сайын кез келген қызмет түріне де сұраныс артады. Сұраныстарды қанағаттандыру үшін әрдайым стартап бағдарламалар қажет. Ал ол өз кезегінде смарт технологиялардың көмегімен жүзеге асырылады.

Smart оқыту ортасын қалыптастыруда назар аударатын бірқатар ұғымдар бар. Ең алдымен, Smart learning – ақылды оқыту, кибер білім алу – онлайн тәртібінде білім алу түрі, контент – ақпараттық ресурсты немесе веб-сайтты кез келген маңызды мазмұнмен толықтыру.

E-learning – бұл оқу үрдісін ұйымдастырудағы халықаралық стандарттар мен принциптерін қолдайтын, барлық заманауи талаптарға сәйкес келетін, электронды және қашықтықтан оқыту. Оқытудың аталмыш жүйесі білім беру саласын түбегейлі өзгертеді. Ақпараттық технологиялардың арқасында сабақ беру әдісі жаңаланып, білім беру үрдісіне қатысушылардың міндеті өзгереді. Электронды оқыту жүйесі педагог пен білім алушыға жаңа бағытты үйретеді. E-learning білім беру жүйесінің мазмұны – сандық технологияларды, құрылғылар мен бағдарламаларды пайдаланудың әр түрлі тәсілдерін қолдана отырып, студенттердің танымдық құзыретін қалыптастыруды көздейді.

Plickers – статистикалық жұмыс жасау үрдісін жеңілдетіп, білім алушылардың жауабын лезде бағалап беретін қосымша. Бағдарлама өте қарапайым технологиямен жасалған. Қолдану барысында қиындық туғызбайды. Негізгі құрылымдары: мобильді қосымша, QR-код. Бұл – студенттермен кері байланыс жасауда онлайн тестілеу жүйесі бағдарламасының бір түрі. Plickers-тің тиімділігі сонда – ол оқу үрдісін өзгертпейді. Тек студенттерді қызықтыратын бағалаудың өзгеше тәсілі ретінде ғана қолданылады. Бұл қосымшаны қолдану үшін компьютерлік сынып немесе басқа да техника қажет емес, тек қана мұғалімнің ұялы телефоны қажет. Сонымен қатар, студенттердің өзіне де қызықты, себебі сабақта бір жағынан білімді тексеру жүргізілсе, екінші жағынан жақсы көрсеткішке жету үшін өзара бәсекелестік пайда болады.

Бұл технологияның ерекшелігі – мұнда

QR-кодтардың қолданылуы. Біз кез келген жарнамалардағы QR-кодтарды қосымша ақпарат алу үшін арнайы бір сайтқа сілтеме жасайтынын білеміз. Алайда бұл QR-кодтардың жалғыз қолданысы ғана емес. Бұны Plickers қосымшасының бір элементі ретінде де көре аламыз. Сабақ барысында оқытушының ұялы телефоны білім алушылардың карточкаларындағы QR-кодтарды оқу үшін пайдаланылады. Олар сабақ үстінде телефонды пайдалану маңызды емес, әр студентте жеке карточка болады, яғни оқытушы алдын-ала QR-коды бар қағаздарды таратып береді.

Wordwall технологиясы арқылы мұғалімдер жаңа сабақты құрастырады. Білім беру процесінің негізгі міндеттерінің бірін шешуге көмектесетін оқу ресурсы ретінде оқушылардың ынтасын арттыруға мүмкіндік береді. Осы ресурстың көмегімен әр баланың мүмкіндіктерін ескере отырып, интерактивті немесе баспа жаттығуларын құру арқылы оқытуды саралау мен дараландыруды ұйымдастыруға болады. Әр түрлі тапсырмаларды құрастыру арқылы мұғалім өзінің сабағын қызықты өткізеді. Викториналық сұрақтар, тест тапсырмалары, сәйкестендіру жаттығулары, ментальды карта, интеллект картасын құрастыру, т.б. тапсырмалар жасау арқылы білім алушының ізденуін, оқуға деген мотивациясын жетілдіреді.

Осы заманауи ақпараттық технологияларға негізделген оқыту жүйесін қалыптастыру үшін география пәні мұғалімінің теориялық білімі жеткілікті және әр оқушыда атлас пен контур картасы болуы керек. Ұлы Абай «Үш-ақ нәрсе – адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек», - дей отырып, болашақ ұрпақтан арлы, білімдар, ақиқатшыл әрі еңбекқор, көпшіл, жақсылықты жанқиярлықпен жақтаушы, қайратын жалындатқан, ақыл-парасатын көрегендікке бағыттаған азаматты аңсады. Лайымда, әр жас өрен ұлы Абай аңсағандай азамат атанса, халқымыз адамзат көшінде әркез ардақты орында болары хақ.

Айнұр Самалбекқызы БАРЫСОВА,
«Д.А. Қонаев атындағы №1
қазақ орта
мектебі» КММ география
пәні мұғалімі.
Қонаев қаласы,
Алматы облысы.



Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытуда жасанды интеллекттің қолдану жолдары

Мақалада қазақ тілі мен әдебиеті сабағында жасанды интеллект (ЖИ) технологияларын қолдану арқылы оқушылардың оқылым дағдыларын дамыту жолдары қарастырылған. ЖИ-дің білім беру саласына енгізілуі оқу процесін инновативті етіп, оқушылардың қызығушылығын арттыруына себеп болады. Интерактивті оқу платформалары мен чат-боттар оқушылардың өз бетімен оқуына, түрлі әдеби шығармаларды тереңірек түсінуіне мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ЖИ аналитикалық құралдары арқылы оқушылардың прогресін бағалап, олардың күшті және әлсіз тұстарына назар аударуға болады. Шығармашылық жұмыстар мен жобалар арқылы әдебиеттік дағдыларын дамыту маңызды болып табылады. Білім деңгейіне сәйкес жаңартылған ресурстарды іздеу мен ұсынудың арқасында оқушылардың білімі мен танымын кеңейтуге болады.

Жасанды интеллект бағдарламаларын қолданудың әр түрлі бағыттары, соның ішінде мемлекеттік тілді игертуде тиімді пайдаланудың жолдарын талқылау өзекті мәселелердің бірі. Жазбаша жұмыстарды автоматтандырылған бағдарламалар арқылы бағалау, жеке-лендірілген білім беру платформалары, тілдік тьюторлар мен адаптивті оқыту модульдері сияқты жасанды интеллект негізінде жасалған құралдарды қолданудың ерекшеліктері (артықшылықтары мен кемшіліктері) мақалада жан-жақты қарастырылады.

Тілді оқытуда жасанды интеллект бағдарламаларын қолданудың артықшылықтары мен қиындықтары талқыланады және оқу процесінде осы технологияларды тиімді пайдалану бойынша ұсыныстар ұсынылады. Автор бағдарламалардың шектеулі қабілеті мен кемшіліктері, сондай-ақ контекст пен адамның эмоцияларын түсіну, оқытудың икемділігі мен даралануының жеткіліксіздігі,

техникалық шектеулер мен қателіктер, технологиялар мен ресурстардың қол жетімділігі төңірегіндегі мәселелерді қарастырады.

Ғылыми әдебиеттерді талдау әдісі жасанды интеллект бағдарламаларын тілді оқытуда қолдануға арналған ғылыми мақалаларға, кітаптарға, журнал басылымдарына және басқа дереккөздерге шолуды қамтиды. Жасанды интеллект тақырыбына сәйкес әдебиеттерді талдау осы саладағы бар тенденцияларды, аталмыш бағдарламаларды қолдану кезінде туындайтын мәселелерді қамтуға мүмкіндік береді. Жасанды интеллект негізінде жасалған бағдарламалардың тиімділігін терең зерттеуді, жаңа технологиялар мен құралдарды әзірлеуді, сондай-ақ білім беруде жасанды интеллектті қолданумен байланысты әлеуметтік және этикалық мәселелерді талдауды талап етеді.

Өзекті әдебиеттерді шолу және жасанды интеллект бағдарламаларын қолдану мысалдарын талдау негізінде мақала жасанды интеллект технологияларын білім беру тәжірибесіне біріктірудің маңыздылығын және осы салада одан әрі зерттеу қажеттілігін көрсетеді. Сонымен қатар бағдарламаларды және оқу процесінде тиімді пайдалану үшін ұсыныстар ұсынады және олардың қазіргі білім берудегі маңыздылығы көрсетіледі.

Жасанды интеллект (ЖИ) кейінгі жылдары өміріміздің барлық салаларына, соның ішінде білім беру үдерісіне терең енуде.

ЖИ дамуымен тілдік дағдыларды жан-жақты дамытуға бағытталған инновациялық интерактивті қосымшалар мен платформалар пайда болады. Виртуалды сұхбаттасушылармен өзара әрекеттесу мүмкіндігі, диалогтық жаттығулар өткізу және нақты сценарийлерде тәжірибе жасау оқуды қызықты әрі иммерсивті етеді.



Мысалы, «Speech Lab» — жасанды интеллектіні еліміздің аудиториясына бейімдеу бойынша үлкен бастамаларды жүзеге асырып келе жатқан компания. Ш. Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы мен «Speech Lab» ЖШС ынтымақтастық негізінде қазақ тілін тануға қабілетті жасанды интеллектіні және сөйлеу синтезін дамыту іске асып жатыр.

Қазақ тілін ғылым тіліне айналдыру бойынша атқарылып жатқан ең үлкен қадамдарымыздың бірі. Демек болашақта «Siri», «Алиса» сынды дыбыс көмекшілері қазақ тілінде айтылған барлық ақпараттарды сапалы өңдеп, талдай алады. Бастама жүзеге асқаннан кейін мұны мемлекеттік мекемелер мен бизнес саласында да кеңінен қолдануға болады. Бұл қызмет көрсету саласын оңтайландыруға, мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтуге мүмкіндік береді. Мұндай үлкен жобаның сәтті жүзеге асуы үшін аса үлкен көлемдегі сапалы контент қажет. Сәйкесінше, мұндай ауқымды контентпен қамтамасыз ету міндетін «Тіл-Қазына» орталығы жүзеге асырады (nformburo.kz, 2023).

Kazakh Named Entity Recognition

KazNERD — қазақ тіліндегі атаулы мәндерді анықтауға арналған ең ірі жалпыға қолжетімді деректер жиынтығы. Бұл деректер жиынтығы қазақ тіліндегі жалпыға қолжетімді аннотацияланған корпустарға, сондай-ақ қарапайым және түсінікті, бірақ қатаң ережелер мен мысалдарды қамтитын аннотациялау нұсқаулықтарына айқын қажеттілік болғандықтан әзірленді. IOB2 сұлбасына сүйене отырып әзірленген деректер жиынтығының аннотациялауы бірінші автордың басшылығымен екі қазақ тілді маманның көмегімен теледидар жаңалықтары мәтінінде орындалды. Деректер жиынтығы 112 702 сөйлем мен 25 атаулы мән тобына арналған 136 333 аннотациядан тұрады. Сонымен қатар қазақ тіліндегі атаулы мәндерді анықтау үрдісін автоматтандыру мақсатында әзірленген машиналық оқытудың төрт заманауи модельдерінің ең тиімдісі тестілеу жиынтығында F1 шамасы 97,22%-ға тең дәлдікке қол жеткізді (ISSAI, 2021).

Мемлекеттік тілді оқытуда жасанды интеллект бағдарламаларын қолданудағы негізгі тенденциялар мен сын-қатерлерді қарастыру нәтижесінде келесі тұжырымдар жасалды:

1. Тілді оқытуда жаңа технологияларды дамыту және қолдану. Зерттеу нәтижелері қазіргі жасанды интеллект бағдарламалары тілді тиімді оқытудың бірегей мүмкіндіктерін ұсынатынын көрсетеді. Жасанды интеллект негізіндегі тілдік тьюторлар, бейімделген білім беру платформалары-оқытудың сапасы мен нәтижелерін жақсартатын инновациялық құралдардың жетіспеушілігі;

2. Тілді оқытуда ЖИ бағдарламаларын қолданудың артықшылықтары мен шектеулері.

Зерттеу нәтижелерін талқылау білім берудің қолжетімділігін арттыру, оқу процесін жетілдіру, бағалауды Автоматтандыру және кері байланыс сияқты тілді оқытуда жасанды интеллект бағдарламаларын пайдаланудың бірқатар артықшылықтарын көрсетеді. Сонымен қатар, оқыту сапасын мұқият бақылау қажеттілігі, этикалық және деректердің құпиялылығы, сондай-ақ жасанды интеллект бағдарламаларының контекст пен адам эмоцияларын түсіну қабілетінің шектеулі болуы сияқты шектеулерді ескеру қажет;

3. Жасанды интеллект бағдарламаларының даму бағыттары. Ұсынылған деректер мен қорытындыларды талқылау нәтижесінде мақала сонымен қатар тілді оқытуда жасанды интеллект бағдарламаларын қолдану саласындағы әрі қарайғы зерттеулер мен даму бағыттарын белгілейді. Бұл тілді оқытудағы әр түрлі ЖИ әдістерінің тиімділігі мен тиімді мәселелерін терең зерттеуді, жаңа технологиялар мен құралдарды әзірлеуді және білім беруде ЖИ қолданумен байланысты әлеуметтік және этикалық мәселелерді талдауды қамтиды;

4. Контекст пен адамның эмоциясын түсіну қабілеті шектеулі. Тілді оқытудағы ЖИ бағдарламаларының негізгі кемшіліктерінің бірі-олардың контекст пен адам эмоцияларын түсіну қабілетінің шектелуі. Адам тәрбиешілерінен айырмашылығы, жасанды интеллект бағдарламалары ирония, сарказм



немесе мәдени контексттер сияқты тілдің нюанстарын тануда қиындықтарға тап болуы мүмкін, бұл кері байланыста қате түсіндірулер мен қателіктерге әкелуі мүмкін;

5. Техникалық шектеулер мен қателер. Жасанды интеллект бағдарламалары техникалық шектеулер мен қателіктерге ұшырайды, бұл оқу сапасына теріс әсер етуі мүмкін. Мысалы, Машиналық оқыту алгоритмдерінің дұрыс жұмыс істемеуі студенттердің жазбаша жұмысын дұрыс бағаламауға немесе дұрыс емес кері байланыс беруге әкелуі мүмкін, бұл олардың оқу процесіне зиян тигізуі мүмкін;

6. Технологияға тәуелділік және ресурстардың қол жетімділігі. Тілді оқытуда AI бағдарламаларын қолдану технологияға және ресурстардың қол жетімділігіне тәуелділікті тудыруы мүмкін. Мысалы, жекелендірілген білім беру платформаларын пайдалану жоғары жылдамдықты интернетті және компьютерлерге немесе смартфондарға қол жетімділікті қажет етеді, бұл ресурстары шектеулі студенттер үшін қиындық тудыруы мүмкін.

ЖИ бағдарламалары тілді оқытудың сапасы мен тиімділігін жақсартуға перспективалы мүмкіндіктер береді. Олар бағалау және кері байланыс процестерін автоматтандыруға, оқу процесін жекелендіруге және оны интерактивті элементтермен байытуға қабілетті. Тілді оқытуда ЖИ бағдарламаларын қолданудың білімге қол жетімділікті арттыру, оқытуды даралау және нәтижелерді жақсарту сияқты артықшылықтары бар. Дегенмен, оқыту сапасы мен деректердің құпиялылығын мұқият бақылау қажеттілігі сияқты шектеулерді де ескеру қажет. Тілді оқытуда жасанды интеллект бағдарламаларын қолдануды одан әрі дамыту және зерттеу әр түрлі жасанды интеллект әдістерінің тиімділігін терең зерттеуді, жаңа технологиялар мен құралдарды әзірлеуді, сондай-ақ білім беруде жасанды интеллектті қолданумен байланысты әлеуметтік және этикалық мәселелерді талдауды талап етеді. Осылайша, жүргізілген зерттеу негізінде тілді оқытуда жасанды интеллект бағдарламаларын қолданудың маңыздылығы мен әлеуеті, сондай-ақ олардың тиімділігі мен әлеумет-

тік маңыздылығын арттыру үшін осы салада одан әрі зерттеу және дамыту қажеттілігі туралы қорытынды жасауға болады.

Әдебиеттер тізімі

1. Жасанды интеллект қазақша сөйлей бастайды — «Тіл-Қазына» орталығының директоры. <https://informburo.kz/kaz/newskaz/zasandy-intellekt-qazaqsa-soilei-bastaidy-til-qazyna-ortalygynyn-direktory>

2. Қ.К. Тоқаев. Халық бірлігі және жүйелі реформалар — ел өркендеуінің берік негізі. Мемлекет басшысы 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы.

Ақылды жүйелер мен жасанды интеллект институты (ISSAI) <https://issai.nu.edu.kz/>

3. Hockly, N. (2023). Artificial Intelligence in English Language Teaching: The Good, the Bad and the Ugly. RELC Journal, 0(0). <https://doi.org/10.1177/00336882231168504>.

4. Hockly, N. (2023). Artificial Intelligence in English Language Teaching: The Good, the Bad and the Liu MingYang. Application and Research on Foreign Language Teaching in the Context of Digital Transformation [J]. SHS Web of Conferences, 2023, 159. DOI:10.1051/SHSCONF/202315901011.

5. Ma, L. (2021). An Immersive Context Teaching Method for College English Based on Artificial Intelligence and Machine Learning in Virtual Reality Technology. Mob. Inf. Syst., 2021, 2637439:1-2637439:7 Stephan Raaijmakers. October 2022 ISBN 9781617295447 296 page Deep Learning for Natural Language Processing.

6. «Speech Lab» компаниясы <https://speechlab.kz>

**Жансулу Жарылкасыновна
СУЛТАНБЕКОВА,**

**«Д.А. Қонаев атындағы №1
қазақ орта мектеп»**

**МКМ қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.**

**Қонаев қаласы,
Алматы облысы.**



Қазіргі қоғамдағы жарнаманың жеткіншектерге теріс әсерін азайтудағы ата-ана мен педагог ынтымақтастығы

Аннотация. Бұл мақалада қазіргі қоғамдағы жарнаманың жастарға әсерін азайтудағы ата-ана мен педагогтардың бірлескен әрекеттерінің маңыздылығы қарастырылады. Жарнама жастардың құндылықтарына, мінез-құлқына, психологиялық дамуына, тіпті өзін-өзі бағалауына айтарлықтай әсер етеді. Сондықтан жасөспірімдерді жарнаманың теріс ықпалынан қорғауда ата-ана мен педагогтардың үйлесімді ынтымақтастығы маңызды рөл атқарады. Мақалада жарнаманың жасөспірімдерге тигізетін теріс әсерлері талданып, ата-аналар мен педагогтардың жастарды медиа сауаттылыққа, сыни ойлауға және дұрыс құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған шаралар мен оларды ұйымдастырудың әдіс-тәсілдері мен формалары талқыланады. Сонымен қатар, ата-аналар мен педагогтардың балаларға жарнаманы сыни тұрғыдан қабылдауға үйрету тәсілдері мен олардың өздігінен шешім қабылдау дағдыларын дамытудағы рөлі қарастырылады. Бұл бірлескен іс-әрекеттер жасөспірімдерге тұтынушылық мәдениетке қарсы тұруға және шынайы өмірлік құндылықтарды қалыптастыруға көмектеседі.

Негізгі сөздер: жарнама, жеткіншектер тәрбиесі, медиа сауаттылық, тұтынушылық мәдениет.

Аннотация. В данной статье рассматривается важность сотрудничества родителей и педагогов в снижении влияния рекламы на молодежь в современном обществе. Реклама оказывает значительное влияние на ценности, поведение, психологическое развитие молодежи и даже на их самооценку. Поэтому согласованное сотрудничество родителей и педагогов играет важную роль в защите подростков от негативного воздействия рекламы. В статье анализируются негативные последствия рекламы для подростков, а также обсуждаются методы и формы, с помощью которых родители и педагоги могут способствовать развитию у подростков медиаграмотности, критического мышления и правильных ценностей. Кроме того, рассматриваются способы обучения детей критическому восприятию рекламы и роль родителей и педагогов в развитии у них навыков самостоятельного принятия решений. Эти совместные действия помогают подросткам противостоять культуре потребления и формировать истинные жизненные ценности.

Ключевые слова: реклама, воспитание подростков, медиаграмотность, культура потребления.

Abstract. This article examines the importance of cooperation between parents and educators in reducing the influence of advertising on youth in modern society. Advertising significantly impacts the values, behavior, psychological development, and even the self-esteem of young people. Therefore, coordinated cooperation between parents and educators plays a crucial role in protecting adolescents from the negative effects of advertising. The article analyzes the negative consequences of advertising on adolescents and discusses the methods and forms through which parents and educators can help develop media literacy, critical thinking, and proper values in youth. Additionally, the article explores ways to teach children to critically perceive advertising and the role of parents and educators in fostering decision-making skills. These joint efforts help adolescents resist consumer culture and shape true life values.

Keywords: advertising, adolescent education, media literacy, consumer culture.

Әлемдік жаһандану жағдайы белгілі бір күресу және білім беру мен тәрбиелеудегі кей-денгейде қоғамның салаларына әсер етіп жат- бір мәселелердің алдын алуда білім беру сала-қаны белгілі. Әсіресе, жаһандану салдарымен сы көлемді жұмыстар жүргізуі қажет. Әлемнің



екінші ұстазы әл-Фараби «Тәрбиесіз берілген білім — адамзаттың қас жауы» демекші, өскелең ұрпаққа тәрбие арқылы білім беру — өзгермелі қоғамдағы білім берудің басты міндеті болып отыр.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстан — Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде «Әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін, халқымыздың дүниетанымы мен өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін, әйтпесе басқа реформаның бәрі бекер болатындығын» нақты атап өткен еді. Расында да, өскелең ұрпақтың сана-сезімін, құндылықтар жүйесін, өзін-өзі тәрбиелеу негіздерін, ақпараттарға сыни көзқарас танытуын және т.б. қабілеттерін дамытудың нәтижесінде ғана мемлекет болашағына аландамауымызға негіз болар еді. Осы мақсатқа жету үшін, білім беру саласы өскелең ұрпақтың санасына кері әсер етуі мүмкін әртүрлі факторларды анықтап, оларға қарсы «иммунитет» қалыптастырудың сан түрлі тәсілдерін анықтауда. Бір қарағанда байқалмайтын, бірақ уақытында профилактикалық жұмыстар жүргізбесе, үлкен қасіретке бастауы мүмкін факторлардың бірі — жарнама.

Бүгінгі күні жарнама адамдардың, әсіресе балалар мен жасөспірімдердің санасына әсер етудің белсенді құралына айналды. Сондай-ақ ол әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде әлеуметтану, мәдениеттану, филология, экономика, психология, педагогика саласындағы ғалымдардың қызығушылығын тудырды. Педагогика және психология аясындағы ғалымдар жарнаманың тәрбиелік әсеріне жан-жақты талдау жүргізуде. Мысалы орыс ғалымы А.Н. Лебедев өзгермелі әлемдегі жарнама коммуникациясының психологиясына диссертациялық зерттеу еңбегін жазды [1]. Жарнама туралы педагогикалық зерттеулерге А.А. Левицкаяның жарнаманың балаларға тәрбиелік әсерін зерттеу жұмысын [2], ал психологияда Ж. Баймырзаева, Н. Назарова, Р. Акедилова, С. Бапаева, С. Бердібаева және т.б. отандық авторлардың мақалаларын қарастыруға болады.

Жеткіншектер жарнамаларды, көбінесе, әлеуметтік желілерде кездестіретіні белгілі. Жарнаманың әсері жастардың психологиялық және әлеуметтік дамуына тікелей ықпал етеді. Мәселен, жарнамаларда жиі кездесетін тұтынушылық мәдениет пен тартымды өмір салтына басымдық беру жасөспірімдердің өздерін бағалауы мен мақсаттарына теріс әсерін тигізуі мүмкін. Жарнама көбінесе сыртқы келбетке, сәнге, материалдық құндылықтарға, танымалдылыққа және әлеуметтік мәртебеге негіздел-

гендіктен, жасөспірімдер арасында теріс стереотиптер мен жалған идеалдарды қалыптастырады. Нәтижесінде жастар өздерінің шынайы қажеттіліктерін түсінбей, әлеуметтік және психологиялық қысымға ұшырауы мүмкін.

Жарнама жеткіншектердің эмоцияларына қатты әсер ете отырып жас ұрпақтың дүниетанымын қалыптастыруға тікелей әсер етеді. Д. Рисман айтпақшы, «жарнаманың негізгі функциясы — балаларды «кәсіби білікті тұтынушы болуға дайындау» [3]. Жеткіншектердің «маркетинг құрбаны» болмауы үшін олардың жарнамаға сыни көзқарасын дамытуды тәрбие үдерісіне енгізу қажет. Тәрбие процесі бір жақты ғана жүзеге асатын үдеріс емес, оқушыларды тәрбиелеу процесінің субъектілері бірлесе жұмыс атқарғанда ғана нәтижеге жетуге болады. Бұл тұста, жарнаманың жасөспірімдерге теріс ықпалының алдын алуда ата-аналар мен педагогтардың ынтымақтастығы ерекше маңызға ие. Себебі, жасөспірімдердің әлеуметтенуіне, өмірлік құндылықтары мен өмір сүру салтына әсер ететін жарнамалардың теріс ықпалын азайтуда, баланың дұрыс дамуына жауапты тұлғалар ретінде, ата-ана мен педагогтардың рөлі ерекше.

Ата-аналар мен педагогтардың ынтымақтастығы — оқушыларды тәрбиелеу және оқыту, дамыту, әлеуметтендіру үдерісінде ата-аналар мен білім беру мекемелері қызметкерлерінің, әсіресе педагогтардың өзара әрекеттесуі мен бірлесе жұмыс істеуі. Мұндай ынтымақтастық жеткіншектердің ақпаратты сын тұрғысынан қабылдауына көмектесіп, жарнама арқылы таратылатын теріс стереотиптерден қорғану қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Ата-аналар тәрбие үдерісінде баланың өмірлік негіздерін қаласа, педагог қызметкерлер өз жұмысын оқушының оқу және әлеуметтік дағдыларын дамытуға бағыттайды (1-сурет).

Жеткіншектерге жарнаманың теріс әсерін азайту мақсатында ата-ана мен педагог арасындағы өзара ынтымақтастық келесідей аспектілер негізінде жүзеге асады:

1. *Тәрбие мақсаттарын келісу.* Ата-аналар мен педагогтар баланы тәрбиелеуде

ортақ мақсаттарға жету үшін оларды бірге анықтап алуы керек. Тәрбиелік мақсаттар өзара келісілсе, балаға деген талаптар мен құндылықтар бірдей болып, жарнама баланың тұлғалық дамуына кері әсер ете алмайды.

2. *Жеткіншектерді тәрбиелеу үдерісінде анықталған мәселелерді бірігіп шешу.*

Жеткіншектің мінез-құлқында тұтынушылық қажеттіліктер байқалып, «трендтегі» жарнамалар әсерінен оқуында, құрдастар то-



бында, бос уақытын өткізу ұйымдарында мәселелер туындаған жағдайда, ата-аналар мен педагогтар мәселені шешудің ортақ жолдарын іздеп, бірлесе әрекет етеді.



1-сурет. Өзара ынтымақтастықтағы ата-ана мен педагог рөлі

3. *Бірлескен іс-шаралар ұйымдастыру.* Мектептерде ата-аналармен бірлесіп

өткізілетін семинарлар, тренингтер мен ашық сабақтар арқылы балаларды жарнаманың ықпалынан қорғау жолдарын қарастыруға болады. Бұл іс-шаралар ата-аналар мен педагогтарға бірлескен тәрбие беру стратегияларын талқылауға мүмкіндік береді.

4. *Ашық коммуникация жасау.* Ата-аналар мен педагогтар жеткіншектерді

тәрбиелеу мен білім беру процесінде өзара тығыз қарым-қатынаста болуы керек. Олар жасөспірімдердің жарнамалық ақпаратты қалай қабылдап жатқанын талқылап, олардың көзқарастарын түзетіп отыруы қажет. Мектеппен ата-ана арасындағы осындай ашық байланыс балалардың дамуына әсер ететін барлық аспектілерді назарда ұстауға мүмкіндік береді.

5. *Құндылықтарды бірлесе қалыптастыру.* Ата-ана мен педагог жасөспірімдерге дұрыс

құндылықтарды үйретуде бір мақсатқа сай жұмыс жасауы тиіс. Егер ата-ана мен мектеп бір бағытта тәрбиелік жұмысты үйлестірсе, балалардың шынайы құндылықтарды қабылдауы жеңіл болады. Біріккен күш-жігермен олар балалардың жарнамадағы теріс құндылықтар мен тұтынушылық идеалдарды қабылдамауын қамтамасыз етеді.

6. *Медиа сауаттылықты дамыту.* Ата-ана мен педагогтар балаларға ақпаратты сын тұрғысынан қабылдау мен талдау дағдыларын үйрету арқылы жарнамаларға сауатты түрде қарауды үйретеді.

Жеткіншектерге жарнаманың теріс әсер етуінің алдын алуда ата-аналар мен педагогтардың ынтымақтастығын олардың бетпе-бет кездесіп, жеткіншектің оқу үлгерімі, мінез-құлқы және дамуы туралы әңгімелесуі негізіндегі жеке кездесулер, тәрбие үдерісінде анықталған мәселелердің ортақ шешімін та-



буға арналған дөңгелек үстел, ата-аналар жиналысы сияқты әдістер мен уақытында тиімді байланыс жасауға мүмкіндік беретін телефон және мобильді қосымшалар мен онлайн платформалар (мысалы, Google Classroom, Google Meet, ClassDojo, Zoom) сияқты тәсілдер арқылы жүргізуге болады. Мектеп пен ата-аналар арасындағы байланысты жақсартуға арналған арнайы қосымшалар немесе платформалар

ата-аналардың сабақтарға қатысып, балалардың жетістіктерін қадағалап отыруына мүмкіндік береді.

Өзара ынтымақтастық ата-аналар жиналысы, ашық сабақтар, ата-ана мен балалардың қатысуымен өтетін іс-шаралар, педагогикалық кеңестер мен тренингтер, ата-аналар комитеті, жеке кеңес беру және т.б. формаларда жүзеге асады (1-кесте).

1-кесте. Жеткіншектерге жарнаманың теріс әсерін азайтуда ата-аналар мен педагогтардың ынтымақтастығын ұйымдастыру формалары

№	Өзара ынтымақтастық формасы	Сипаттамасы
1	Ата-аналар жиналысы	Мектептегі оқу жылында бір не бірнеше рет өткізіліп, ата-аналарға мектептің оқу бағдарламасы, тәрбие шаралары және балалардың жетістіктері туралы хабар беріледі. Мұндай жиналыстар ата-аналар мен педагогтар арасындағы байланыс орнатуға және ортақ мәселелерді шешуге мүмкіндік береді.
2	Ашық сабақ	Ата-аналарды сабақтарға қатысуға шақыру арқылы педагогтар баланың оқу процесі мен оның жетістіктерін нақты көрсете алады. Ашық сабақтар ата-аналарға білім беру әдістерімен танысып, баланың мектептегі үлгерімін тікелей бақылауға мүмкіндік береді.
3	Ата-аналар мен балалардың қатысуымен өтетін іс-шаралар	Мектеп қабырғасында түрлі мәдени, спорттық және тәрбиелік іс-шаралар («Отбасылық спорттық жарыстар», «Ашық есік күні», «Мектептегі мерекелер») өткізу арқылы ата-аналар мен балалардың қатысуын қамтамасыз ету. Бұл іс-шаралар арқылы ата-аналар мектеппен белсенді қарым-қатынас орнатып, баланың ортада өзін қалай ұстайтынын көре алады.
4	Педагогикалық кеңестер мен тренингтер	Ата-аналарға арналған семинарлар мен тренингтер ұйымдастыру арқылы балаларды жарнаманың теріс ықпалынан қорғануға тәрбиелеу және оны оқыту әдістері туралы ақпарат беруге болады. Мұндай шаралар ата-аналарға балалардың дамуы мен тәрбиесіне қатысты мәселелерді кәсіби көзқараспен қарауға көмектеседі.
5	Ата-аналар комитеті	Ата-аналар комитеті білім беру мекемесіндегі оқу және тәрбие үдерісіне белсене қатысу арқылы мектепте түрлі іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге көмектесе отырып, ата-аналар мен мектеп әкімшілігі арасындағы байланысты нығайту мақсатында жұмыс істейді.
6	Жеке кеңес беру	Мектеп педагогтары мен психологтары ата-аналарға баланың мінез-құлқы немесе оқудағы қиындықтары бойынша жеке кеңес беріп, нақты ұсыныстар ұсына алады. Мұндай кеңестер ата-ана мен мұғалімдер арасындағы сенімді қарым-қатынасты нығайтады.

